

ЖШС«Жеті-Нұр» бөбекжай балабақшасының

№1 Педагогикалық кеңес хаттамасы.

Хаттама №1

29.08.2022 ж.

Қатысқандар: 7

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау.
2. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
3. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың қорытынды есебі.
4. Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы.
5. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӨ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекіту.
6. Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту.
7. Шығармашылық топ мүшелері мен жұмыс жоспарын бекіту.
8. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекіт, комиссияның құрамын сайлау.
9. Тәрбиешілерді топтарға бекіту
10. Конституция мен Білім күніне арналған іс-шара жоспарын бекіту.

1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе педагогикалық кеңес хатшысын сайлау, туралы балабақша меңгерушісі Ф.Абдихаликова сөз алды.Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Әуелі педагогикалық кеңес хатшысын сайлап алуды ұсынды. Хатшылыққа балабақша тәрбиеші Нуридинованы ұсынды. Педагогтар бір ауыздан келісіп сайлады.

2.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы меңгеруші Абдихаликова.Ф айтып өтті.

Тәрбиешілер ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарын түзіп, күн тәртібі барысында балаларды қабылдау, шығарып салу кезінде түрлі тақырыпта кеңестер беріп отырды. Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында жақсы қарым-қатынас орнаған.Жас мамандармен жаз мезгілінде де жұмыс жүргізіледі. Жазғы сауықтыру, ойын сауықтарды ұйымдастыру кезінде ақыл- кеңестер беріліп, түсіндіру жұмысы жүргізілді.

1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы туралы балабақша меңгерушісі Абдихаликова.Ф сөз алды

Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы қанағаттанарлық деп біршама жұмыстарға тоқталып өтті.

1.Тыңдалды:балабақша әдіскері:Ұ.Оспанова

2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары, ҮІӘ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекіту

Ересек тобы

4-5 жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары

2022-2023 оқу жылы

№	Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Айлық сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны
1	Дене шынықтыру	3	-	12	108
	Дене шынықтыру **		күн сайн	-	-
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет		күн сайн	-	-
	Қазақ тілі	1	-	4	36
	Қазақ тілі ****		күн сайн	-	-
3	Математика негіздері		күн сайн	-	-
4	Қоршаған ортамен таныстыру		күн сайн	-	-
5	Сурет салу		күн сайн	-	-
	Мүсіндеу		күн сайн	-	-
	Апликация		күн сайн	-	-
	Құрастыру		күн сайн	-	-
6	Музыка	2	-	8	72
	Музыка ****		күн сайн	-	-
7	Арнайы түзетіші іс-әрекет *****		күн сайн	-	-
	Барлығы:	6 сағат	-	24	216

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ

халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Ортанғы топ

3-4 жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары

2022-2023 оқу жылы

№	Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Айлық сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны
1	Дене шынықтыру	3	-	12	108
	Дене шынықтыру **		күн сайн	-	-
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет		күн сайн	-	-
	Қазақ тілі	1	-	4	36
	Қазақ тілі ***		күн сайн	-	-
3	Математика негіздері		күн сайн	-	-
4	Қоршаған ортамен таныстыру		күн сайн	-	-
5	Сурет салу		күн сайн	-	-
	Мүсіндеу		күн сайн	-	-
	Апликация		күн сайн	-	-
	Құрастыру		күн сайн	-	-
6	Музыка	1	-	4	36
	Музыка ****		күн сайн	-	-
7	Арнайы түзетіші іс-әрекет *****		күн сайн	-	-
	Барлығы:	5сағат	-	20	180

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде

тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді. Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Кіші топ

2-3 жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары 2022-2023 оқу жылы

№	Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Айлық сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны
1	Дене шынықтыру	3	-	12	108
	Дене шынықтыру **		күн сайн	-	-
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет		күн сайн	-	-
3	Сенсорика		күн сайн	-	-
4	Қоршаған ортамен таныстыру		күн сайн	-	-
5	Сурет салу		күн сайн	-	-
	Мүсіндеу		күн сайн	-	-
	Апликация		күн сайн	-	-
	Құрастыру		күн сайн	-	-
6	Музыка	1	-	4	36
	Музыка ****		күн сайн	-	-
7	Арнайы түзетуші іс-әрекет *****		күн сайн	-	-
	Барлығы:	4 сағат	-	16	144

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі.

Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-

әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді. Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі. осылай егжей тегжей таныстырып өтті. Күн тәртібінде осылай таныстырып бекітіп берді.

Тыңдалды алтыншы мәселе бойынша Балабақша меңгерушісі: Абдихаликова

Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту, **Мақсаты:** жас мамандарға педагогика мен психология саласында теориялық және практикалық мәселелер бойынша әдістемелік көмек пен жеке кеңестер беруді өткізуді ұйымдастыру.

Жас мамандарды педагогикалық қызденістерге үйрету, ұстаздық шеберлік тәрбиелеу, қазіргі заман талаптарына сай жаңа ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қойылатын талаптарды меңгерту. **Міндеттері:**

оқыту үрдісінде ізгілендіру мен демократияландыруды басшылыққа алу;

- жаңа заман талабына қойылатын талаптарды зерттеу;

- педагогикалық жаңашылдықты үйрену, меңгеру және дамыту педагогтарға мақсатымен міндетімен таныстырып өтті. **Тыңдалды:** балабақша меңгерушісі: Абдихаликова жетінші мәселе бойынша Шығармашылық топ мүшелері мен жұмыс жоспарын бекітіліп берілді.

Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекітіп, комиссияның құрамын сайланды. Тәрбиешілерді топтарға бекіту мәселесі 3 топ тәрбиешілер бекітілді. Конституция мен Білім күніне арналған іс-шара жоспарын бекітілді. Жылдық жоспар негізінде.

Қаулы: Педагогикалық кеңес хатшысын сайлансын.

1. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың қорытынды есебі.
2. Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерілсін.
3. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӨ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекітілсін.
4. Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын бекітілсін.
5. Шығармашылық топ мүшелері мен жұмыс жоспарын бекітілсін.
6. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекіт, комиссияның құрамын сайлансын.
7. Тәрбиешілерді топтарға бекітілсін.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:

Абдихаликова.Ф
Нуридинова.А

ЖШС «Жеті-Нұр» бөбекжай балабақшасының Кезекті №2 Педагогикалық кеңес хаттамасы.

Хаттама №2

28.11.2022 ж.

Қатысқандар: 7

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жасалынған бақылаудың қорытындысын талдау.
3. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерін талдау.
4. Баяндама: «Мектепке дейінгі ұйымдарға инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу».
5. «Табиғат бұрышындағы гүлдер» көрмесінің қорытындысы.

1. Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабақша әдіскері А.Аблаева сөз алды.

Құрметті тәрбиешілер жаңа оқу жылының басталғанына да екі айдың жүзі болды. Жаңа 2022-2023 оқу жылына дайындық жұмыстары өз деңгейінде жүргізілді. Оқу тәрбие жұмысы стандарт талаптарына сай жоспарланып жүргізілуде. Бала өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі туралы нұсқаулық жүргізіліп, таныстырылды. Педагогтар мен тәрбиешілер іскерлікпен, шығармашылық пен методикалық талапқа сай жұмыс жүргізіп келеді.

2. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Ф.Абдихаликова күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жасалынған бақылаудың қорытындысын талдау туралы айтылды.

Балабақшаның 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарына сай топ тәрбиешілерінің күн тәртібін сақтау жүйелілігін көру мақсатында 2022 жылдың 21-23 қараша күндері аралығында ерте жас тобы «Балдырған», кіші жас тобы «Балапан», ортаңғы топ «Еркетай», ересек «Қарлығаш» топтарында «Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуін бақылау» тақырыбында тақырыпты тексеру жүргізілді. Тексеру барысында:

Топтардың іс құжаттарынан бастапқы мониторинг, апталық циклограмма, перспективалары, жеке даму картасы тексерілді. Құжаттар талапқа сай жүргізілген. Тәрбиешілер апталық тақырыпқа сай жұмыстарын жоспарлап отырады. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізуде. Тексеру тақырыбына сай тәрбиешілердің көрнекіліктері, құжаттары және де қосымша материалдары тексерілді.

Күн тәртібі- балар іс әрекеті мен демалысының уақыты мен кезегіне қарай тиімді өмір тәртібі. Балабақшадағы тамақтану, ұйықтау, ойнау, оқу, серуендеу – күн тәртібінің мазмұнын құрайды және олар қайталанып отырады.

Ерте жас «Балдырған» тобының тәрбиешілері тәрбиеленушілерімен қатар бір күндік күн тәртібі тексерілді. Балаларды балабақшаға қабылдау, тексеру, ойындар мен ертеңгілік гимнастикаға бақылау жасалды. Балалар өз уақытынан кеш келіп жатты. Тәрбиешілердің ата-аналармен қарым-қатынас жасау барысында балаларды балабақшаға уақытпен алып келулерін ескертіп айту керек еді. Сонымен қатар ортаңғы топ «Еркетай» тобының ұйымдастырылған іс әрекеттеріне қатыса отырып, тәрбиеленушілермен жүргізген жұмыстары қаралды. Тәрбиеші іс әрекетін ойын арқылы балаларға қызықты етіп өткізді. Іс әрекеті аяқталысымен балаларды серуенге апаруға дайындалды. Серуен барысында табиғаттағы өзгерістермен таныстырып, еңбекке баулыды. Содан соң балаларды ойынға

шақырып, қызықты ойындар ұйымдастырды. Сағат 11.30-да балаларды ішке кіргізіп гигиеналық шаралар жүргізді. Балалар өз беттерінше шешінуді, қолдарын жууды меңгеріп қалған. Игере алмаған балаларға тәрбиеші өзі көмек беруде. Ас адамның арқауы демекші жуынып болған соң балалар тамақтануға отырды. Балалардың отыруына, қалай тамақтану керек екендігін түсіндіре жүріп, тазалыққа шақырды.

Күннің екінші жартысында ортаңғы топ «Күншуақ» тобының тәрбиеленушілерінің ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары қаралды. Ересек топ «Көгершін» тобының тәрбиешісі балалармен шынықтыру шараларын жасады. Балалар төсекте жатып гимнастикалар орындады. Содан соң түймелі іздермен жүріп біршама сергіп қалды. Беті – қолдарын жуып бесін асты ішуге отырды. Тамақтанып болған соң тәрбиеші ойын ойнатуға кірісті. Дидактикалық ойындар ойнатылып болған соң, серуенге шығуға дайындалды. Балалар сыртқа шығып түрлі ойындар ойнады. «Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуін бақылау» тақырыбындағы тақырыпты тексерудің келесі күндерінде ересек «Қарлығаш» тобы мен ерте жас топ «Балдырған» тобы тексерілді. Ересек топтардың балаларды қабылдауынан бастап, таңертеңгілік ойындар мен ертеңгілік гимнастиканы қалай ұйымдастыруына бақылау жасалды. «Балдырған» тобының тәрбиешілері жіберілген қателіктерін көрсете отырып, келесіде болдырмау керектігі ескертілді. Балалар таңертеңгілік асқа барлығы бірдей отыруы шарт. Бірақ топ тәрбиеленушілері мерзімінен кешігіп келіп жатты. Сағат 9.00-ден-10.15 ке дейін ұйымдастырылған іс әрекетіне дайындық жүргізілді. Іс әрекеттері жүргізіліп жатқан тұста балалар кешігіп іс әрекетін ортасынан бөліп келіп жатты. Осындай кемшіліктерді болдырмауға тырысуымыз қажет. Ересек «Қарлығаш» тобының тәрбиеленушілерінің серуенге шыққан уақыты, еңбек етуі мен қимылды ойындары қаралды. Балалар серуенде білмегендерін тәрбиешілерден еркін сұрап, табиғатты бақылауға тырысты. Тәрбиеші С.Қалмұратова балалармен бірге ойындар ойнап, балалардың қызығушылығын одан әрі арттырды. Сағат 12.10- да балалар ішке кіріп, өз беттерінше шешініп, жуынуға кірісті. Балалар түскі ас ішуге отырды

3. Тыңдалды. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерін талдау.

Балабақша меңгерушісі Абдихаликова.Ф сөз алып өткізілген ашық ұйымдастырылған іс әрекеттеріне тоқталып өтті.

Ересек «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі Қалмұратова.С “Коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша “Ертегілер еліне саяхат” тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс әрекетін өтті. ҰІӨ шаттық шеңберінен басталды. Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында тәрбиеші суреттер пайдаланды, балаларға сұрақтар қоя отырып сұхбат жүргізді. Ортаңғы «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі А.Нуридинова «Ойыншықтар» тақырыбында ҰІӨ өткізді. Тәрбиешінің қойған мақсаты, білімділік тапсырмасы сұрақтар қойып, жауап алуы, сөйлеу мәнері қолданылған әдіс-тәсілдері балалардың сөйлеу мәнері қаралып, орташадан жоғары деген баға қойылды. Кіші жас «Еркетай» тобының тәрбиешісі Р.Құдайбергенова «Үй жануарлары» тақырыбында ҰІӨ өткізді. Балалардың саусак моторикасы дамитын түрлі тапсырмалар орындатты.

Балалармен кірпінін баласын ермексаздан жасады. Тәрбиешілердің жұмыстары сараланды. Ашық ҰІӨ талапқа сай өтті. ҰІӨ жақсы дайындалған.

4. Тыңдалды: «Мектепке дейінгі ұйымдарға инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу» тақырыбында баяндама оқыды.

Қазіргі кезде жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру – білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы. Адамзат баласының өз ұрпағын мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек. Білім, тәрбие жұмысына жаңа әдістемелік амал-тәсілдерді, құрал-жабдықтарды, жаңа тұжырымдамаларды жасап, оларды қолдану инновация деп аталады. Инновация –

жаңалыққа талпыну, бұл сән немесе еліктеуін емес, қатал шындық, өмір қажеттігі. Мемлекеттік тілді жан-жақты меңгертуде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеу – қазіргі кезеңде ең өзекті мәселелердің бірі. Үйретілетін тілдік үйретудің әдіс-тәсілдерінің де жетілдіріп жатқаны да белгілі.

Қазір педагогика ғылымында «оқытудың жаңа технологиясы», «оқытудың инновациялық технологиясы» деген ұғымдар кеңінен қолдануда.

Алдымен «технология» ұғымына тоқталайық. Бұл жерде ол «инновациялық педагогикалық технология» мәніне ие болып тұр.

Кез келген технологияның маңызы оның құрылымымен анықталады.

«Педагогикалық технология – оқыту мен тәрбие құралдарының арнайы формаларының, әдіс-тәсілдерінің, жолдарының жиынтығын анықтайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулар жиынтығы» Б.Т.Лихачев.

«Алдын ала жобаланған оқу-тәрбие үдерісінің тәжірибеде жүйелі әрі бірізді жүзеге асуы». В.П.Беспалько.

«Инновация» термині педагогикада қазіргі таңда кеңінен қолданылуда. Югославияның педагог ғалымы К.Ангеловский педагогика инновация мәселесін терең түрде зерттеген.

Ол инновация терминінің экономика немесе техника ғылымдарынан педагогика саласына келген дейді де, «кейбір педагогтар инновация терминінің орнына реформа, жаналандыру, жетілдіру, оптимизация, оқыту модернизация ұғымдарын пайдаланады», -деп көрсетеді.

Инновация дегеніміз – мазмұнды жанашалау, ал жаңалық енгізу дегеніміз – инновациялық мазмұнды дамыту, жананы ұйымдастыру, ал «жанаша» жегеніміз жана мазмұн, оны енгізудің әдіс-тәсілдерін, технологиясын қамтитын құбылыс деп түсінеміз.

Г.В.Селевко «инновациялық педагогикалық технологияны» үш жақты сипатын былай белгілейді:

- ғылымилық: педагогикалық технология – оқытудың мақсатын, мазмұнын және әдіс-тәсілдерін жасайтын, педагогикалық үдерісті жобалайтын, оларды зерттейтін педагогика ғылымының саласы;

- үдерісті сипаттаушы: үдерісті сипаттау (алгоритмі) оқытудың жоспарланған нәтижесіне жетуде қолданылатын мақсат, мазмұн, әдіс-құралдар жиынтығы;

- үдерісті іс-әрекеттік: технологиялық (педагогикалық) үдерісті жүзеге асыру, барлық тұлғалық, құралдық және әдәснамалық педагогикалық құралдардың жұмысы.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалды, кәсіптік-адамгершілік, рухани-азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқыту-тәрбиелеу үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Инновациялық технологияларды талдау барысында мына факторлар ескерілуі керек:

- алынып отырған технология оқытудың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы;

- тиімділігі, жүйелілігі және басқада жақтары.

Инновациялық технологияны пайдалануды төмендегідей кезеңдер арқылы іске асырылады.

1- кезең – оқып үйрену.

2-кезең – меңгеру.

3-кезең – өмірге енгізу, тәжірибеде қолдану.

4-кезең – дамыту, нәтижесін тексеру.

Енді инновациялардың мектепке дейінгі ұйымдарда пайдаланатын кейбіреуіне тереңірек тоқталайық. А.С.Макаренка айтқандай «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің, қандай маңызы болса, өскен соң жұмыста да сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады».

Оқу үдерісінде ойын оқытудың әрі формасы, әрі әдісі де болып табылады, сол себепті ойын әрекеті тәрбиешімен баланың іс-әрекетінің бірлескен, өзара байланысты ойын

технологиясының дидактикалық категориясы ретінде де қарастырылады. Педагогтар ойын үстінде бала санасын дамыту, тәрбиелеу, оқыту қатар жүргізіледі, оны бала белсенділікпен және асқан ыждағаттылықпен қабылдайтындықтан, ойындарды оқу үдерісінде міндетті түрде енгізу жайлы айтады.

Қазіргі заманғы Қазақстандық білім беру үлгісіне көшуде және әлемдік білім кеңістігіне енуде кәсіби білікті, құзыретті тәрбиеші – педагог қана өз жұмысын жанадан құрып, жоғары нәтижелерге жете алады.

5. Тыңдалды: «Табиғат бұрышындағы гүлдер» көрмесінің қорытындысы туралы балабақша әдіскері Ұ.Оспанова сөз алды.

Балабақшаның барлық топ тәрбиешілері көрмеге өз жұмыстарын ұсынды. Байқаудың мақсаты жеке тұлғаның табиғи қажеттіліктерін ынталары мен белгілерін қалыптастыру, табиғат қамқоршылары қатарын молайту, тәрбиешінің еңбектік, эстетикалық мәдениетін, экологиялық сана-сезімін қалыптастыру және дамыту.

Шешімі:

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізе отырып, эксперименттік жұмыстар көп жүргізілсін. Жауапты: тәрбиешілер.
2. ҰІӨ жоспарлап өткізуде айтылған ұсыныстарды назарға алып, кемшіліктермен жұмыс жүргізілсін. Жауапты: тәрбиешілер.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Абдихаликова.Ф
Нуридинова.А